

Батыс-Қазақстан облысы Орал қ.

2018жыл 24 мамыр

## Екінші Халықаралық «Uralsk Green Forum» экологиялық форумы

### РЕЗОЛЮЦИЯСЫ

#### «Экологиялық мегатрендтер: Жасыл экономика және қоршаған ортаны қорғау»

Қарашағанак Петролиум Оперейтинг б.в. халықаралық консорциумы ҚР Энергетика Министрлігі мен Батыс-Қазақстан облысы әкімінің қолдауымен Форум өткізу бастамасын көтерді.

Халықаралық «Uralsk Green Forum» (UGF) экологиялық форумы – жер қойнауын тиімді пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды сақтауға, экологиялық қауіпсіздікті нығайтуға, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік жасайтын инновациялар саласындағы Қазақстандағы айтулы оқиға.

**Форумды ұйымдастыру мақсаты** энергияны үнемдеу, «жасыл экономика» концепциясын жүзеге асыруда алдағы уақыттағы серіктестік үшін тәжірибемен алмасу, 2025 жылға дейін ҚР дамуының стратегиялық жоспарына сәйкес мұнай және газ саласында экологиялық бағытталуды интенсивті түрде дамытуға септігін тигізу мәселелерін шешу мақсатында мұнай және газ өндірісі саласындағы тиімді коммуникациялық және іскерлік алаңын жасау.

**Форум қатысушылары:** ҚР Үкіметінің, ҚР Парламентінің, мемлекеттік органдардың өкілдері, мұнай және газ саласындағы ірі компаниялар, экология саласындағы қоғамдық ұйымдар, бейінді Қауымдастықтар мен бірлестіктер.

Форум пленарлы және секциялық отырыстар формасында ұйымдастырылған болатын:

- **Пленарлы сессия** «ҚР-ң қоршаған ортаны қорғауы және қайтымды энергетикасы саласында мемлекеттік саясат және экологиялық мегатрендтер».
- **№1 Сессия.** 2025 жылға дейін ҚР дамуының стратегиялық жоспарымен қамтамасыз ету үшін ҚОҚ саласында заңнамалық базаны жетілдіру
- **№2 Сессия.** Қазақстан Республикасының қайтымды энергетика саласындағы мемлекеттік саясаты.
- **№3 Сессия.** Жасыл даму мен салауатты қоршаған орта игілігі үшін бизнес пен қоғам серіктестігі.
- **№4 Сессия** Елдің жасыл экономикасын дамытудағы халықаралық жасыл технологиялар мен инвестициялық жобалар орталығының рөлі.
- **№5 Сессия.** 2018-2019 жж Қазақстан Республикасында экологиялық реттеудің негізгі бағыттары

- **№6 Сессия.** Қазақстанның заманауи дамуының жаңа реалийлері арқылы Экологиялық кодекс концепциясы
- **Панельді сессия:** Экологиялық жағдайды жақсарту. «Қалдықтарды қайта өңдеу және жою саласын дамыту»
- **Интерактивті дискуссия тақырыбы:** «Экология және энергияны үнемдеудің өзекті мәселелерін шешу үшін мүдделі тараптардың келешегі мен тиімді өзара қатынасы»

**2025 жылға дейін ҚР дамуының стратегиялық жоспарына сәйкес мұнай және газ саласында экологиялық бағытталуды интенсивті түрде дамытуда өзекті мәселелерді шешу үшін Форум қатысушылары барлық мүдделі тараптар – бизнес, билік және қоғамның – күштерін біріктірудің қажеттелігін атап өтуде.**

***Энергияны үнемдеу және «жасыл экономика» концепциясын жүзеге асыру саласында***

- Күнделікті энергияны тұтыну көрсеткіштері МЭР субъектілернің және мемлекеттік бақылау органдары түсінігінің таласын тудырады Заңнама талаптарына түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет және көрсеткіштер құрастыруда дөңгелек үстелдер мен семинарлар арқылы барлық мүдделі тұлғаларды қатыстыру керек;
- Энергоменеджмент жүйесін енгізуді экономикалық тұрғыда ынталандыру, жылыжай газдерінің шығарылуын азайту механизмдерін дайындау, не болмаса, энергоменеджмент жүйесін енгізу мен жылыжай газдерінің шығарылуын үлестеуді байланыстыру қажет;
- қайтымды энергия көздерін дамытуды жалғастыру және экономикалық ынталандыру механизмдерін жасап шығару қажет;
- Халықаралық Жасыл Технологиялар мен Инвестициялық Жобалар және Батыс Қазақстан обылсы Әкімі және КПО арасында серіктестік меморандумына қол қою;
- Батыс Қазақстан ауданындағы энергияны үнемдеу және энерготиімділікті жоғарылату, заманауи материалдар мен қайтымды энергия көздерін өндіру салаларындағы инновацияларды қолдау қажет;
- Халықтың экология және энергияны үнемдеу және экологиялық мәдениетті дамыту жайлы біліктілігін жоғарылату мақсатында қоғамдық экологиялық және энергетикалық ұйымдармен серіктес болу қажет;

**Өндіріс қалдықтарын басқару және тұтыну саласында:**

- Қалдықтарды бөлек жинау және оларды қайта өңдеу/жою үшін аудандық орталықтарда инфрақұрылымның дамуы;
- 
- Тағамдық қалдықтарды қайта өңдеу бойынша мамандандырылған мекемелер дайындау;
- 
- Тұрмыста тағамдық қалдықтарды пайдалануға қатысты стандарттарды бекіту;
- 
- Қайта өңдеуге немесе екінші қайталама шикізатқа ауысуға кезекте тұрған қалдықтарды уақытша сақтау мерзімін ұлғайтуға қатысты ҚР ЭК 288 б. 3-1т. өзгеріс енгізуге бастамашылық ету;
- 
- Қоршаған ортада рұқсат етілмеген қалдықтарды орналастыруға жатқызылуын болдырмау үшін қайталама шикізат ретінде құрылыс қалдықтарын қолдануда НҚА дайындау және бекіту ;

**Халықаралық «Uralsk Green Forum» экологиялық форумының қатысушылары мынадай шешім қабылдады:**

1. Бастама көтергендігін атап өтіп, экологиялық форумды ұйымдастырғанына және қоршаған ортаға ұқыпты қарайтындығы үшін Қарашағанак Петролиум Оперейтинг б.в. компаниясына алғыс білдіру;
2. 2019 ж бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күні қарсаңында үшінші халықаралық экологиялық форумды өткізуді қолдау;
3. Мемлекеттік органдар, үкіметтік емес табиғатты қорғайтын /экологиялық қауымдастықтар және бизнестің өзара қатынасын нығайту жұмыстарын жүргізу;
4. Мемлекеттік органдар, үкіметтік емес табиғатты қорғайтын /экологиялық қауымдастықтардың халықты экологиялық тәрбиелеу бағытындағы әрекеттерін іске қосу жұмыстарын жүзеге асыру (қалдықтарды бөлек жинау);
5. Үкіметтік емес табиғатты қорғайтын /экологиялық қауымдастықтар және бизнес өкілдері мемлекеттік уәкілетті органдарымен бірлесіп ҚР табиғатты қорғау заңнамасын үздіксіз жетілдіруге бағытталған жыл сайынғы бірлескен әрекеттерінің жоспарын дайындау;
6. Қалдықтар мен энергияны үнемдеу саласында заңнама мен инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруды үйлестіруде қоғамның және бизнестің рөлін ұлғайту;
7. Барлық мүдделі тараптардың, соның ішінде, халықтың біліктілігін арттыру мақсатында халықаралық экологиялық форум қорытындыларын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;

**Халықаралық «Uralsk Green Forum» экологиялық форумы қатысушыларының сөзі арналады:**

**I. Мемлекеттік бақылау-қадағалау органдары мен олардық территориялық бөлімшелеріне:**

- үкіметтік емес табиғатты қорғайтын /экологиялық қауымдастықтар және бизнеспен бірлесіп ҚР экологиялық заңнамасына енгізілетін өзгерістерді талқылау жоспарын дайындау;
- жаңа заңдар және нормативті құқықтық актілер дайындауда үкіметтік емес табиғатты қорғайтын /экологиялық қауымдастықтар және бизнестің пікірлерін ескеру;
- мекемені – «таза» деп атауға мүмкіндік беретін өлшемшарт дайындау;
- БАҚ, әлеуметтік жарнама, мектептегі сабақтар арқылы энергияны тұтыну жайлы халықты ағарту және олардың экологиялық сауаттылығын көтеру;
- Инфрақұрылымның дамуы және өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу мен тұтынуды дотациялау мүмкіндігін қарастыру;
- «жасыл» экономикалық көрсеткіштер жүйесін жасап шығару мүмкіндігін қарастыру;

**II. Табиғатты пайдаланушыларға:**

- Мемлекеттік, үкіметтік емес табиғатты қорғайтын /экологиялық қауымдастықтармен бірлесіп табиғатты пайдалану заңнамасын жетілдіру жұмыстарына белсенді ат салысу;
- Қайтымды энергия көздерін енгізу мүмкіндіктерін қарастыру және балама энергетиканың дамуына септігін тигізу;
- Табиғи қорларды ұқыпты қолдануға қатысты іс-шаралар дайындау;
- Қалдықтарды жою және энергияны үнемдеуде үздік қолжетімді технологияларды енгізу;

**III. Үкіметтік емес табиғатты қорғайтын /экологиялық қауымдастықтар және БҚО жоғарғы оқу орындарына:**

- Табиғатты қорғау заңнамасын жетілдіруге белсенді түрде ат салысу;
- БАҚ, әлеуметтік жарнама, мектептегі сабақтар арқылы энергияны тұтыну жайлы халықты ағарту және олардың экологиялық сауаттылығын көтеру

**Форум қатысушылары жоғарыда көрсетілген ұсыныстардың жүзеге асырылуы «Жасыл экономика» концепциясын сәтті жүзеге асыруда, Қазақстан Республикасының тұрақты даму үлгісіне көшуде, 2025 жылға дейін Қазақстан Республикасының дамуының стратегиялық жоспарының мақсаттарына жетуде үшін әлеуметтік-экологиялық-экономикалық платформаның қалыптасу жолында маңызды қадамға айналатынын айтып сендіруде.**